

Мадиева Г.Б., Борамбаева Л.А.,
Молдасанова А.А.

**Әдебиет және
журналистикадағы
жанр көрінісі**

Мақалада «жанр» терминіне жалпы түсінік беріліп, оның мазмұны мен ерекшеліктері қарастырылады. Жанр түсінігінің «журналистика» және «әдебиет» саласындығы рөлі, дифференциациясы және сабақтас байланысы зерттеледі. Мақалада әр ғылыми сала жеке-жеке қаралып, анализ жасалады. «Жанр» терминінің көпжақтылығы мен көпмағыналығы талданады. Әр түрлі дәуірдегі көркемдік әдеби туындыларға талдау жасалған. Мақалада әдебиет пен телевидение саласының байланысы айқындалады.

Түйін сөздер: жанр, журналистика, әдебиет, байланыс, ерекшелік, шығармашылық, ақпарат.

Madieva G.B., Borambaeva L.A.,
Moldassanova A.A.

**The concept of genre in literature
and journalism**

The article is devoted to the definition «genre», its content and peculiarities. The main idea of the article is the role of genre in literature and journalism, its differentiation and connection. It is considered and described typical features of journalism and literature. The article gives an overview of the polysemantic meaning of the term «genre». The main content of the scientific work composes of the fiction literature analysis. The article gives a detailed analysis of «literature» and «journalism» definitions. Much attention is given to the role and connection between literature and journalism.

Key words: genre, journalism, literature, connection, peculiarity, creation, information.

Мадиева Г.Б., Борамбаева Л.А.,
Молдасанова А.А.

**Понятие жанра в литературе
и журналистике**

В статье дается общее понятие определению «жанр», рассматриваются его содержание и особенности. Статья посвящена роли, дифференциации и связи жанра в литературе и журналистике. Выделяются и описываются характерные особенности журналистики и литературы по отдельности. На основе изучения были установлены многогранность термина «жанр». Основное содержание исследования составляет анализ художественных произведениях разных поколений. Обосновывается мысль о том, что основа литературы – фантазия, а журналистики – определенный факт. В данной статье подробно освещается роль и связь между телевидением и литературой.

Ключевые слова: жанр, журналистика, литература, связь, особенность, творчество, информация.

**ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ
ЖАНР КӨРІНІСІ**

Жанр деп көркемдік туындының гносеологиялық және аксиологиялық қызметтерінің өзара байланысының әсері мен тарихи дамуымен ерекшеленетін көркемдік туындылар тұтастығы болып саналады. Өнердің әр түрлі салаға бөлінуі шығармашылықтың онтологиялық жағын құрайды, ол дегеніміз аксиология мен синергетика бірігіп, адамның шығармашылық тәсілі мен стилін анықтайды [1].

Жанр – сан алуан мүмкіндіктерді пайдаланып, ақиқатты шығармашылық тұрғыдан қабылдауға бағытталған өнердің сан қырлы деңгейі. Жанр өмірдің әр түрлі жағдайларына бейімделуге бағытталған өнердің прагматикалық және утилитарлық талғамдылығын бейнелейтін қасиеті. Суретші өзінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыру үшін көптеген тәсілдер мен шешімдердің арасынан тапсырыс берушінің қалауымен немесе жұмысына сыйақы алу мақсатымен таңдау жасайды. Сондықтан, жанр айқындығы – едәуір дәрежеде «дарындылық емес, шеберліктің сипаты» деп айтуға болады [2]. Басқа жақын ұғымдарға қарағанда, жанр өнердің өзектілігін толық айқындайды, тарихи жағдайды есепке алып, суретшінің шығармашылық деңгейін заман талабына сыйдырады. Ең алдымен кейбір идеяларға мұқтаждық сезімі пайда болады, кейін керекті тақырып табылады. Сондықтан, жанр – пәндік – функционалдық ұғым болып саналады, оның шекаралары анық емес, қозғалмалы, жанрдың әрбір түрі тоқтаусыз екінші түрге көшеді, қосылады және бөлінеді. Мұндай толассыз үрдістер жанрдың тақырыптық, құрылымдық және функционалдық болып бөлінуіне себеп тудырды. Жүйелік талдаудың нәтижесінде жанр дифференциациясының бірнеше түрі бар екені анықталды. Мұндай көзқарасқа сүйене отырып, әдебиет саласын повесть, поэма, өлең; психологиялық роман, тарихи роман, шытырман оқиғалы роман; трагедия, комедия, мелодрама, водевиль; ода, памфлет, эпитафия, эпиграмма деген жанрларға бөлуге болады. Басқа өнер түрлерінде де жанрдың алуан түрлілігі кездеседі, ал әр жанр тағы да бөлімдерге бөлінеді. Нәтижесінде бірдей шығарма бірнеше жанрлық топқа жатуы мүмкін. Айталық, «Медный всадник» мүсіні – аллегориялық мүсін, ескерткіш, портрет болып табылады. Өнердегі жанрдың сан алуандығы ақиқаттың түрлі қырларын сипаттау мен қабылдаудан туындаған мұқтаждық болып саналады.

Өнер қоғамдық өмір мен табиғаттың нақты көріністеріне әрдайым тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отыратын, бірақ өзіндік бірқалыптылығын сақтап тұра алатын ерекше формалармен жауап береді.

Мысалы, антикалық трагедия, Шекспирдің трагедиясы, классицизм дәуірінің трагедиясы, А. С. Пушкин мен А. Н. Островскийдің туындылары бір-бірінен тарихи белгілерімен ерекшеленсе де, трагедия жанрына жатады. Эзоптың, Ж. Лафонтеннің және И. А. Қырыловтың мысалдары идеялық мазмұны, тақырыптық және қоғамдық бағыттары жағынан әр түрлі болса да, оларға мысалға тән жанрлық белгілер ортақ болып табылады, олар аллегоризм, қысқа және аяқталған сюжет, мораль [3].

Нақты бір көркем туындының қайталанбас жанры болады. Нағыз көркем шығарманың жанры көпғасырлық туындыларды айқындайды. Аталмыш құбылыс өнердің ұзақ тарихи даму үрдісін көрсетеді.

«Жанр» термині француз эстетикасында XVII ғасырдың ортасында қолданыла бастаса да, жанрлық ұғым одан бұрын пайда болды. XVI ғасырдың академиялық өнердің теоретиктері деп мағынасына, тақырыбына, сюжетіне қарап жанрды жоғары және төмен деп екіге бөлді. Жанрдың екіге бөлінуі XVII-XIX ғасырларда еуропаның көркем академиясында кеңінен таранды. Сурет өнерінде «жоғарғы» жанр боп мифологиялық жанр саналса, «төмен» жанр боп портрет, натюрморт туындылары саналды. Заманауи өнер эстетикасы жанрдың бұрынғы және қазіргі кездегі пайда болған құрылымдардың қолдануын алға тартады.

Егер жанрды өнер дифференциасының шартты категориясы деп қарасақ, журналистика саласының жанры өнердің жанры болып саналады, олай болса жоғарғыда көрсетілген мысалдар мен мәліметтерді журналистикаға жатқыза аламыз. Журналистика жанрының қыр-сырлары өте кең. Өнердің басқа салаларына қарағанда, журналистиканың жанр саласы дербес, ауысу және алмасу белгілері тән емес.

Мысалы, бейнелеу өнерінде жанрлардың өзара кірігуі тарихи тұрғыдан алғанда шартты және міндетті болса, журналистикада жанрдың «тазалығы» сапалы сипаттама болып саналады [4]. Анық емес, түсініксіз жанр түрлері тек ғана «бульвар» басылымдар мен сапасы төмен теле-радио бағдарламаларға тән болып табылады. «Журналист үшін жанр қызық емес, жай қызықты материал болса болды»- деген бұрыс ой-пікірді жиі естуге болады. Журналистикада

жанр тақырыбына көп көңіл бөлінбейтін кездер де кездеседі, себебі жанр саласы үнемі өзгеріп, күрделеніп отырады, оның теориялық жағы да көп зерттелмеген екені белгілі. Қазіргі таңда оқымыстылар жанр саласын өз беттерінше бөле бастаған.

Біріншіден, тарихи жағдайлардың әсерінен туындаған шығармалардың жанры оқымыстылардың пікірінен бөлек дербес пайда болады. Ал журналистикамен байланысты туындылардың жанр саласы бөлу принциптері арқылы айқындалады.

Әрбір нақты туындының нақты сипаттама құрамы болады, ол салыстырмалы түрде кездейсоқ немесе автордың арнайы шығармашылық күш-жігерімен пайда болатын құбылыс. Ұқсас қасиеттермен ерекшеленетін мәтіндерді бөлек топтарға бөлуге болады.

Топтарға біріктіру әр түрлі зерттеушілермен сан алуан себептермен жүзеге асады, Топтарға біріктіру әр түрлі зерттеушілермен сан алуан себептермен жүзеге асады. Журналистикада бейнелеудің 3 түрлі әдісі белгілі – фактографиялық, талдамалы және көрнекті-бейнелі.

Кейбір басылымдар коммерциялық мақсаттарды, басқалары насихаттау, ал келесілері аудиторияға толық ақпарат жеткізуді көздейді.

Шығармашылық талаптарды жүзеге асыру журналистикадағы қоғамдық міндеттерді орындауға жол ашады. Сонымен қатар ақиқатты танудың әр түрлі әдістерді қолдау көзделеді. Олар үш үлкен топтарды құрайды- эмпирикалық, теориялық және көркемдік.

Мақала әр түрлі мәселелермен, интервью көзқарастармен, ал рецензия ақиқаттың өзін емес, фильмдегі, кітаптағы, спектакльдегі кескінмен байланысты болып табылады. Журналистика мәліметтерді хабарлау; бағалау, мәліметтерді интерпретациялау және мәліметтер мен ақпараттарды бейнелеу сияқты үш бірлікті мәселеден тұрады. Бұл тәртіптің бұзылуы мағынасыздыққа алып келеді, жанрды боямалауға итермелейді. Журналистика үш түрлі мәселені шешуі тиіс – ақпаратты мәлімдеу; ақпаратты бағалау және ақпаратты бейнелеу. Бұл үш мәселе журналистикадағы жанр түрлерін айқындайды – ақпараттық, таңдамалы, көркем-публистикалық. Ақпараттық жанр түрлеріне белгілер, корреспонденция, репортаж, некролог; таңдамалыға – сұхбаттасу, комментарий, анкета, рейтинг, пікір, журналистік тексеру; көркемдік-публистикалық жанр тіліне – очерк, фелетон, анекдот, пародия, эпитафия жатады.

Жанрдың бірнеше функциясы болуы мүмкін, бірақ негізі өзгеріссіз қалады. Хат-хабардың

ең басты міндеті – ақпараттық, мақала мәселені айқындап, шешу, шолу хабарды жариялайды. Демек, әрбір жанр шынайы ақпараттың белгілі бір түрімен жұмыс істейді. Журналистің көзіне түскен өмірден алынған шынайы ақпарат тақырып болып табылады. Таңдап алынған тақырып болашақ жанрды анықтайды. Ендеше, жанр мен тақырып саны өзара байланысты ма? Бірақ, тақырып саны сан алуан екені белгілі. Жанрдың тақырыптық бағдарлануы әр ақпаратқа байланысты емес, оның белгілі бір типіне сай келеді. Репортаж, айталық, спорт, ғарышқа ұшу немесе өрт туралы, яғни болған жағдай туралы болуы мүмкін. мақала жиі проблемалық тақырыптарды қозғайды. Сұхбаттасу пікірлерге жүгінеді. Рецензия болған жағдаймен тікелей емес, ал соның фильмдегі, кітаптағы, спектакльдегі көрінісімен, кескінімен жұмыс жасайды. Сонымен, әр жанр өзінің материалын таңдайды. Осы тәртіптің бұзылуы толық келеңсіз жағдайларға немесе жанрдың имитациясына алып келеді.

Жанрдың ақпараттық сипаттары жүздеген жылдар бойы тұрақтылығын сақтап келеді, бірақ басқа сипаттары үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан, шығармашылық тапсырманы алмай тұрып журналист мәселесін қай жанр шеше алатынын түсінуі керек. Жаңалықтарға арналған ақпараттық жанрлардың міндеттері анық, оңай болып саналады, ол жанр бойынша ақпарат жиналады, бақылау, сұрастыру жүргізіледі, соңында құжат оқылады. Аналитикалық жанр интерпретациялық ақпаратпен байланысты, оның әдістері логикалық үрдістерге негізделген. Жанрды құрайтын факторларды білу күллі жанр саласының бастауы мен ерекшеліктерін тануға көмектеседі. Яғни, мақсат пен негізділік жанр саласының екінші құрама факторы болып табылады. Ерекшеліктерге келсек, әдебиет саласы синкретикалық факторлармен белгілі, яғни оның құрамынан ерте заманғы мифологияның белгілерін, мораль негіздері мен қоғамдағы этика ережелерінің сақталуын, эстетика белгілерін табуға болады, кей кездерде ол танымдық функциямен де белгілі, мысалы, өркендеу дәуірінде әдебиет оқырмандарға жаратылыс және тарихи ғылымдар жайлы ақпарат берді. Әдебиеттің көмегімен адамдар қиын жағдайларда өмірлік жол-сілтеу кеңестерін ала алды.

Әдебиеттің ең негізгі мақсаты- қоғам қағидаларын түбегейлі түрде өзгерту. Ал журналистика – қоғамның әлеуметтік институты болып табылады. Бұқаралық аудиторияны өзіне қарату, саяси-тәрбиелік мақсатты алдыға тарту, қоғамдық өмірді айқындау, ақпаратты жеткізудің ең

жылдам көрсеткішімен ерекшелену, периодикалық басылымдардың жиілігін таныту, осының бәрі журналистиканы рөлін біздің қоғамымызда елеулі етеді.

Әдебиет пен журналистикаға тән тағы бір ортақ бағыт- герменевтика түсінігі. «Герменевтика»- грек тілінен «түсіндіремін» деген ұғымды білдіреді [4]. Ол түсіну өнері, мәтіндерге түсінік беру, интерпретацияның принциптері туралы ілім. Жапондық жазушы – публицист О.Э.Киндзабуруның зерттеулері бойынша «Герменевтика- ақиқатты сөздер мен интерпретация арқылы жеткізудің ауызша жеткізудің тәсілі»[5]. Бірақ ақиқатты қабылдаудың сан алуан түрлері белгілі. Жазушының ойынша: «Адам баласы ақиқатты қабылдаудың саналы емес түрде өзіне ыңғайлы тәсілін таңдайды» [5]. «Герменевтика» термині ежелгі гректердің табынатын құдайы- Гермес есімімен тығыз байланысты. Ежелгі дәуірде герменевтиканы әулиелік наным-сөздерді түсіндіру үшін кеңінен қолданған, ал кейінгі антикалық заманда аталмаш темин классикалық ақын-жазушылардың филологиялық өлеңдерін түсіндіру үшін қолданылды. Сонымен қатар герменевтиканы заңнамалық мәтіндерді түсіндіру үшін қолданған. Мысалы, атақты Геродот өзінің «Аримаспей» мен «Мельпомен» атты туындыларында ол герменевтика тәсілін қолданып, географиялық және тарихи тұрғыдан қорытындылар жасайды [3]. Келтірілген мысалдардың бәрі герменевтиканың мәтінді түсіндіруде, интеграциялық процестерді жеткізуде. ғылымның қай саласында болмасын елеулі рөл ойнайтынын көрсетеді, жалпы бірегей коммуникациялық үрдісті құрайтынын көрсетеді.

Журналистика мен әдебиет саласында «интерпретация» термині де кеңінен қолданылады. «Интерпретация» термині ғылымға 1920 жылы енді. Л.П.Шибалева шығармашылық туындыларды әлеуметтік-тарихи және мәдени-көркемдік тұрғыдан зерттей келе интерпретация тәсілін әдебиет пен журналистиканың диалогтық-тұлғалық белгісі екенін атайды [6]. Қазақ әдебиетінде интерпретация мәселесі бөлек дүние ретінде қаралмайды, ол тәсіл Ахметова, Э.А.Серікқалиева және Қ.Қ.Жұмалиеваның туындыларында жиі кездесетін феномен болып табылады. Журналистикада интерпретациялау жиі негативті біелгілермен байланысты болып табылады. Әсіресе бұл белгілер советтік журналистикада немесе «тоталитарлық» журналистикада кең тараған дүние. Мысалы, фактілерге жасанды «шынайылық» пен «мағыналықты» қосу, фактілерді жасанды жолмен қысқартып «мөлшерлеп» беру,

оны қайта-қайта көрсету, оның актуалды жағын әдейілеп елемей болып саналады. Бұл тұрғыда қайтадан герменевтиканың орнын интерпретация басқанын көреміз.

Антикалық әдебиет жайлы сөз қозғалған кезде балалар әдебиетін жеке атап өту керек. Көптеген атақты еуропалық жазушылар, мысалы, XIX ғасырды өмір сүрген Г.Линдер, К.Антон сияқты қаламгерлер балаларға арналған кітаптарды жазбас бұрын журналист болып еңбек еткен[4]. Мансабының алғашқы жылдарында политикалық тақырыпта мақалалар жазып, өзінің қаламгерлік шеберлігін биік деңгейге жеткізіп, кейін белгілі шығармашылық туынды жазып, Нобель сыйлығын алған есімдер көпшілік, мысалы, С.Лагерлеф, Л.Сандель-Берг[3]. Сол заманның газет-журналдық өнімінің даму барысына көңіл аударсақ, әдебиет пен журналистика жанрының алмасып, толықтырылып, өзара эволюцияға ұшырағанына көз жеткіземіз. Отандық телевизиялық кеңістікте халқымыздың аксеологиялық көзқарасын жанрдың белгі-

лі бір тақырыпқа, міндетіне, әдісіне деген өзара сабақтас байланысы оның формасының тұрақтылығын көрсетеді. Әр дәуірде өмір сүрген сан алуан қаламгерлердің қолынан шыққан туындыларды бір-бірінен жанры арқылы ажыратамыз. Туындылар бір-бірін қайталаса да, жанрлары ғана бірегей болып табылады. Жанрдың теориясы туралы кітабында бұл заңдылықты В.Б. Шкловский «ұқсас емес заттардың ұқсастығы» деп атайды [6].

Әр журналист пен жазушы, өнер саласының майталманы жанр мәселесі туралы көп ой жүргізеді, оның түсінігі мен мазмұны туралы толғанады. Әр ұлтқа тиесілі әдебиет, өнер және журналистиканың жанры сол ұлттың тілі, салт-дәстүрі, тарихы және менталитетімен тығыз байлысты. Олардың әрқайсысы- қайталанбас дүние болып табылады. Жанр дегеніміз – өнердің әр саласының поэтикалық негізі, оның бастапқы мәнерлі формасы болып табылады. Оларды біліп, тану – шеберліктің асқар шыңдарына жетудің бірден-бір жолы болып табылады [7].

Әдебиеттер

- 1 Большая советская энциклопедия. – М. – 3 басылым. – М.: Наука, 1992. – 45 б.
- 2 Тертышный А.А. Жанры периодической печати: Учебное пособие. – 2 басылым. – М.: Просв., 2004. – 80 б.
- 3 Винтерих Дж. Приключения знаменитых книг. – 1басылым. – М.: Наука, 1985. – 254 б.
- 4 Абрамович А. В. Вопросы литературного мастерства в художественной прозе для детей. – 2 басылым. – М.: Азбука, 1955. – 417 б.
- 5 Кэндзабуро О. Игры современников. – 1 басылым. – М.: Академия, 1994. – 80 б.
- 6 Шибаева Л.П. Жанры в теории и практике журналистики. –5 басылым. – СПб.: Эксмо, 2001.– 105 б.
- 7 Горохов В. М. Критика и библиография в газете. – 3 басылым. – М.: Наука, 1970. –20, 3. б.

References

- 1 Bol'shaya sovetskaya entsiklopedia –3 basylym –Moskva : Nauka, 1992 ,– 45 b
- 2 Tertyshnyi A.A. Zhanri perioditsheskoy petshati: Utshebnoe posobie –1 basylym. – М.: Prosv., 2007. – 85 b.
- 3 Vinterich J. Priklyuchenia znamenitych knig. – 2 basylym. – М.: Nauka, 1985. –254 b.
- 4 Abramovitch A. B. Voprosy literaturnogo masterstva v hudozhestvennoi proze dlia detei. – 1 basylym. – М.: Azbuka, 1955. – 417 b.
- 5 Kenzaburo O. Igray sovremmennikov. –1 basylym. – М.: Akademia, 1994. –80 b.
- 6 Shibaeva L.P. Zhanry v teorii i praktike zhurnalistiki. – 2 basylym. – SPb.: Eksmo, 2001. – 105 b.
- 7 Gorohov V. M. Kritika i bibliografiya v gazete. –5 basylym. – М.: Nauka, 1970. – 20, 3. b.